

ПОҚ-тың жарияланым белсенділігі

Университетте **18** ғылыми журналдар басылып шығады. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысының **15** сериясы, сонымен қатар, «Педагогика және психология, «Современность: мир мнений» (философский альманах), «Ұлттық тәрбие». Әрбір серияның халықаралық ISSN мен жазылым индекстері бар.

2017 жылы «Хабаршы/Вестник» 8 сериясы Білім және ғылым саласындағы **бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдардың тізіміне енді**: «Физика-математика», «Тарих және әлеуметтік-саяси ғылымдар», «Филологиялық ғылымдар», «Халықаралық өмір және саясат», «Педагогикалық ғылымдар», «Психологиялық ғылымдар», «Педагогика және психология».

Қазақстандық журналдар базасына (КазБЦ) ену бойынша жұмыстар жүргізілді. Базаға төмендегідей журналдар ендірілді: Хабаршы/Вестник «Арнайы педагогика» (импакт-фактор 0,093), «Физика-математика ғылымдары» (импакт-фактор 0,037), «Ұлттық тәрбие» (импакт-фактор 0,025), «Психология» (импакт-фактор 0,018), «Жаратылыстану-география ғылымдары» (импакт-фактор 0,010), «Юриспруденция» (импакт-фактор 0,009), «Филология ғылымдары» (импакт-фактор 0,009), «Халықаралық өмір және саясат» (импакт-фактор 0,004), «Педагогика және психология» (импакт-фактор 0,003), «Педагогикалық ғылымдар» (импакт-фактор 0,002), «Тарихи және әлеуметтік-саяси ғылымдар» (импакт-фактор 0,000), «Көркем білім: өнер- теория және әдістеме» (импакт-фактор 0,000), «Экономика» (импакт-фактор 0,000).

Шет елдік авторлардың жарияланымдары және шет тіліндегі жарияланымдар бүкіл жарияланымдардың **15% құрайды. Журналдардың редколлегия мүшелігіне шет елдік ғалымдар 25- 50% шамасында енген.**

Біз барлық ғылыми журналдар редакция алқасын әлемдік ғылыми-ақпараттық кеңістікке қол жеткізу үшін наукометрикалық базаға ену бойынша, журнал рейтингісін және авторлық индекстердің жоғарлауына негізделген жұмыстар жүргізуге бағыттап келеміз. Халықаралық библиографиялық және реферативті журналдар базасына ену үшін бірқатар талаптарды қанағаттандыру қажет, олар: **кем дегенде журналдың құрылғанына үш жыл толуы керек, шет елдік сарапшылардың болуы, отандық қана емес басқа елдердің авторларының мақалаларын да жариялау қажет, сонымен қатар, базада индекстелетін басылымдармен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктер болуы керек.** Қазақстандық

журналдардың Scopus и Web of Science сияқты халықаралық базада тіркелуі үлкен бедел болып есептеледі, өйткені QS, THE және басқа да әлемдік университеттердің рейтингісін анықтауда жарияланымдар белсенділігінің есебі солар арқылы беріледі. Есептік жылдың қараша айынан бастап Ғылым департаменті маркетинг бойынша, журналдардың тартымдылығы және сапасы, журналдар сайтын жетілдіру бойынша жауапты хатшылармен, қызметкерлермен біріге отырып біраз жұмыс жүргізуде.

ҚазҰПУ халықаралық стандартқа сәйкес ғылыми басылымдардың сапасын жоғарлату мақсатын қояды: университеттің **35** оқытушысы және ғалымдары Thomson Reuters және Scopus шкаласы бойынша Хирш индексіне ие.